



КПО ТӘРТИП КОДЕКСІ





МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Бас директордың алғысөзі.....	3
Тәртіп кодексі кімге арналған?.....	4
Біздің іргелі құндылықтарымыз және бизнесті жүргізу қағидаларымыз.....	4

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Сіздің жеке міндетіңіз.....	6
Өз-өзіңізді тексеріңіз.....	7
Қажетті кеңеске жүгініңіз және жағдайды жасырмай, тиісінше хабарлаңыз.....	8
Жетекшінің міндеттері.....	9

ТӘРТІБІМІЗ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІМІЗ

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау.....	11
Адам құқықтары.....	12
Жұмыстағы қудалау.....	13
Тең мүмкіндіктер.....	14
АТ және электрондық байланыс құралдарын пайдалану.....	15
Инсайдерлік мәмілелер.....	16
Мүлікті қорғау.....	17

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Деректердің құпиялығы.....	19
Зияткерлік меншік.....	20
Ақпаратпен және құжаттамамен жұмыс істеу.....	21
Ақпаратты жария ету және іскерлік қатынастар.....	22

ҮШІНШІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

КЕЗІНДЕГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ.....	23
Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.....	24
Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері.....	25
Мүдделер қақтығысы.....	26
Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес.....	27
Саяси қызмет және төлемдер.....	28
Монополияға қарсы күрес.....	29
Халықаралық сауда жасау талаптарына сәйкестік.....	30

ҚОРЫТЫНДЫ

Анықтамалар.....	32
КПО бизнес қағидалары.....	33



БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Назарларыңызға компаниямыздың тәртіп кодексін ұсынамыз. Бұл құжат әрқайсысымызға дұрыс шешімдер қабылдау, сондай-ақ өзіміздің іргелі құндылықтарымыз бен бизнесті жүргізу қағидаларымызға адал болу әрекетімізде қолдау көрсету үшін дайындалған. Осы іргелі құндылықтарымыз бен ұстанымдарымыз – компания жүрегінің төрінде. Бұларды орындау не орындамау еркі берілмейді. Яғни, оларды барлығымыз бұлжытпай сақтағанымыз абзал. Әрқайсысымыз өзімізді әдепті және этика тұрғысынан сауатты деп санасақ та, бизнес жүргізіп жатқан ортамыз үздіксіз өзгеріп келеді. Сондықтан барлығын білетініміз туралы немесе қызметімізге еш қауіптің жоқтығы туралы жар салудан аулақ болғанымыз жөн. Бұл Кодекс өздеріңізге артылған жауапкершіліктеріңізді белгілеу арқылы қызметіңізге қатысты қауіп-қатерлерді анықтауға көмектеседі. Ал жұмысыңызда жетекшілік лауазымда қызмет атқарсаңыз, аталмыш құжатта өз міндеттеріңізді осы Кодекс талаптарына сай орындауға септігін тигізетін қосымша тарау бар. Құжатымыздың алдағы беттерінде қарастырылмаған қандай да бір дилеммаға тап болсаңыз, «Өз-өзіңізді тексеріңіз» тармағын пайдалана аласыз. Өзіңіз жетекші, қатардағы қызметкер немесе кадрлық агенттіктер арқылы жалданған жұмыскер болғаныңызға қарамастан Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) этикалық мәдениетін сақтау және компанияның абыройын қорғау әрекетіне өз үлесіңізді қоса отырып, осы Кодексімізбен жіті танысып шығуыңызды және оның ережелерін өз қызметіңізде қолдануыңызды сұраймын.

Этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптарын сақтаудағы жеке жауапкершілік таныту – барлығымыздың қолынан келетін және әрқайсысымыз толықтай бақылай алатын іс. Бұл сәйкестік толық сақталмаған әрбір жағдай жұмыстағы нәтижелерімізге кері әсер етеді және елеулі шығындар қауіпін төндіріп, осылайша жалпы табысымызға және қызметтік абыройымызға нұқсан келтіруі мүмкін. Осы Кодекс ережелерін сақтай отырып, сіз КПО компаниясын адал, бәсекеге қабілетті етуге және оның өнімдері және қызметтерінің қолжетімдірек болуына септігіңізді тигізесіз. Сондықтан бұл Кодексті біліміңізді жаңартуға көмектесетін және құнды кеңес беретін құрал ретінде пайдалануыңызды сұраймын. Өзіңіз күтпеген жағдайлар орын алуы әбден мүмкін – жаңа қауіп пайда болуы немесе жұмысыңыздағы өзгерістер өзіңізге беймәлім болған тәуекелдерге баруға мәжбүрлейтінін байқауыңыз мүмкін. Өз-өзіңізге асыра сену әрекетіңіздің ережелерді бұзу қаупіне итермелеуіне, сондай-ақ өздеріңізге, әріптестеріңізге немесе КПО-ға қолайсыз қауіп-қатерлер туғызуына жол бермеңіз. Кодекспен танысқандарыңызда кей жерлерін дұрыс түсінгеніңізге күмәніңіз болса, келесі беттерде көрсетілгендей, қажетті кеңес сұраңыз немесе КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі қолдауына жүгініңіз.

Іскерлік этика мен тәртіп ережелерін сақтаудағы адалдығыңыз үшін алғыс білдіремін!

Құрметпен,
Джанкарло Рую
КПО бас директоры



ТӘРТІП КОДЕКСІ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Бұл кодекс қызметкерлердің (соның ішінде компаниямен тікелей шарт жасасқан жұмыскерлер және құрушы компаниялармен іссапарға жіберілген қызметкерлер), басшылардың және КПО лауазымды тұлғаларының әрқайсысына арналған. Кадрлық агенттік арқылы жұмысқа алынған штаттан тыс жұмыскерлер де өз қызметтерінде осы Кодексті сақтауға тиіс. Компания агенттері болып табылатын немесе КПО атынан немесе КПО тапсырмасы бойынша қызмет ететін (қызметтерді, жұмыс үдерістерін немесе қандай да бір шаруашылық әрекеттерді жүзеге асыруды сыртқы компанияға тапсыру бойынша шарт негізінде) мердігерлер мен кеңесшілер компания атынан әрекет етулері кезінде Тәртіп кодексі ережелеріне қатаң сақтауға тиіс. Кодекс компаниямыздың қызметкерлерімен әрекеттесулеріне таралатындықтан тәуелсіз кеңесшілер мен мердігерлер бұл құжатпен таныс болуға тиіс.

КОДЕКСТІҢ СІЗГЕ КӨРСЕТЕ АЛАР КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

Осы құжат арқылы сіз заңдар мен ережелер, күтілетін іс-әрекеттер мен нұсқамалар бойынша практикалық кеңестермен таныса аласыз. Сонымен қатар, қандай да бір мәселеге қатысты өз көзқарастарыңызды қолдануда көмек бола алатын қосымша ақпарат көздеріне сілтемелер де берілген. Бұдан бөлек, келесі парақта берілген құрал арқылы Кодекстің бүкіл тақырыптары бойынша жиі қойылатын сұрақтарды да табуға болады.

БІЗДІҢ ІРГЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫМЫЗ

КПО-да барлығымызға ортақ іргелі құндылықтар бар: адамдарға деген құрметіміздің негізі болып табылатын әдептілік, адалдық және әділдік. Жұмыстағы өмірімізде бұларды бұлжытпай орындау арқылы әрқайсысымыз КПО абыройын қорғау мен арттыруға өз үлесімізді қосамыз. Барлығымызға ортақ іргелі құндылықтарымыз – әрбір жұмысымыздың негізі және соңғы парақта белгіленген Тәртіп кодексі мен КПО бизнес қағидаларының іргетасы. Бұлардың толық нұсқасымен www.kpo.kz сайтынан таныса аласыз. КПО бизнес қағидалары қызмет жүргізу тәртібін, сонымен қатар акционерлеріміз, клиенттеріміз, қызметкерлеріміз, іскерлік серіктестеріміз және қоғам алдындағы міндеттемелерімізді айқындайды. Бұл Кодекс барлығыңыздың КПО-ға қатысты және КПО-ның сіздерге қатысты міндеттемелерін де сипаттайды.

Адам сөйлеген сөзімен емес, жасаған ісімен жақсы. Біз заңдарға, КПО бизнес қағидаларына және Кодексімізге сәйкес әрекет қылсақ, абыройымыз да сақталады. Біз іскерлік серіктерімізді КПО бизнес қағидаларын және сол іспеттес ұстанымдарды сақтауға шақырамыз. Біздің іргелі құндылықтарымызды және қағидаларымызды білу және сақтау осы Кодексті түсінуге және орындауға көмектеседі.

ТӘРТІП КОДЕКСІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Құжат қызметкерлерімізден күтілетін тәртіп үлгісі мен олардың КПО бизнес қағидалары мен іргелі құндылықтарға қатысын суреттейді.



ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Сізден КПО компаниясында алып жатқан лауазымыңызға қарамастан, күнделікті жұмысыңызда Кодекс талаптарын сақтау бойынша міндеттемелеріңізді орындайды деп күтеміз. Бұл бөлім жеке міндеттеріңізді сипаттайды және этикалық шешім қабылдау бойынша кеңестер ұсынады. Сонымен қатар менеджердің міндеттеріне арналған тарау бар. Кодекс ережелерін біреудің бұзып жатқаны туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз – бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлауыңыз

АЛЫП ЖАТҚАН ЛАУАЗЫМЫҢЫЗҒА ҚАРАМАСТАН, ЯҒНИ БАСШЫ, ҚАТАРДАҒЫ НЕМЕСЕ КАДРЛЫҚ АГЕНТТІК АРҚЫЛЫ ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕР БОЛСАҢЫЗ ДА, ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУДАҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БҰЛЖЫТПАИ ОРЫНДАУДАҒЫ ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТУ – БАРЛЫҒЫҢЫЗДЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕТІН ЖӘНЕ ӘРҚАЙСЫСЫМЫЗ ТОЛЫҚТАЙ БАҚЫЛАЙ АЛАТЫН ІС.

қажет екенін естеріңізден шығармаңыз.

Осы бөлімде...

Сіздің жеке міндетіңіз

Өз-өзіңізді тексеріңіз

Кеңеске жүгініңіз және жағдайды жасырмай, тиісінше хабарлаңыз

Жетекшінің міндеттері



СІЗДІҢ ЖЕКЕ МІНДЕТІҢІЗ

ДҰРЫС ҚАДАМ ЖАСАҢЫЗ

Осы Кодекс өздеріңізге арналған. Бұл құжат КПО компаниясының түгелдей барлық жұмыскерлерінің күнделікті жұмысында ұстануға тиіс қызмет ету аясын айқындайды. Кодексты оқып шығыңыздар. Оның мазмұнын түсініңіз. Кодекс талаптарын сақтаңыз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Қызметіңіздегі қауіп-қатерлерді және оларды басқару жолдарын ұғыныңыз.

Кей тұстарды анық түсінбесеңіз, тиісті көмекке жүгініңіз.

Этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкес бойынша өзіңізге тиесілі оқытулардан (тренинг) уақытында өтіңіз.

Барлығымыз Кодекс ережелеріне бағынатынымызды өзіңізбен жұмыс істейтін кез келген үшінші тарап өкілдерінің, агенттер немесе кеңесшілердің білетініне және олар да бұған сәйкес әрекет етуі қажет екенін түсінетініне көз жеткізіңіз.

Кодекстің бұзылуы туралы күдіктеріңізді жасырмай, міндетті түрде хабарлаңыз. Бұл – сіздің міндетіңіз.

КОДЕКСТІ БҰЗУЫМНЫҢ МАҒАН ТИЕР САЛДАРЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Кодексті және тиісті саясатты бұзу әрекеті тәртіптік жауапкершілікке, тіпті еңбек шартын бұзуға дейін әкелуі мүмкін. Кейбір жағдайларда КПО бұзушылық туралы тиісті билік органдарына хабарлауы да мүмкін, ал бұл қадам, өз кезегінде, сот ісін жүргізуге, айыппұл салуға немесе бас бостандығынан айыруға себеп болуы ықтимал.



ӨЗ-ӨЗІҢІЗДІ ТЕКСЕРІҢІЗ

Тәртіп кодексіміз тап болуларыңыз ықтимал жағдайлардың, дилеммалардың немесе шешімдердің барлығы бойынша нақты кеңес бере алмайтыны түсінікті. Өзіңізге немесе ұжымыңызға көмек беруі мүмкін әрекет ретінде, Тәртіп кодексіне қатысты қандай да бір шиеленіскен мәселе туралы ойлап, оны сенімділікті тексерудегі сұрақтар көмегімен әр қырынан талдап көріңіз.

Бұл тұста сіз тікелей жетекшілеріңіздің, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің, КПО заң бөлімінің немесе нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша жедел желі қызметінің көмегіне әрқашан жүгіне алатыныңыз анық.

Күмәніңіз болса, өзіңізге келесі сұрақтарды қойып көріңіз:

БҰЛ ІС ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ЕМЕС ПЕ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУҒА МЕНІҢ ҚҰЗЫРЕТІМ БАР МА?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ
БҰЛ ҚАДАМ ЖАСАУЫМ ДҰРЫС ПА, ОСЫ ӘРЕКЕТІМ АРҚЫЛЫ БАСҚАЛАРҒА ЖАҚСЫ ҮЛГІ БОЛА АЛАМЫН БА?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ
КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ «ӘДЕПТІЛІК, АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘДІЛДІК» БОЙЫНША ІРГЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ САҚТАЛА МА?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ
БҰЛ ӘРЕКЕТІМ ЭТИКА ТҮРҒЫСЫНАН ДҰРЫС ПА ЖӘНЕ КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ БИЗНЕС ҚАҒИДАТТАРЫНА, ТӘРТІП КОДЕКСІНЕ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР МЕН ПРОЦЕДУРАЛАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕ МЕ?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ
МЕН ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КПО БЕДЕЛІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРУІ МҮМКІН ҚАУІПТЕРДІ ЖЕТЕ ТҮСІНЕ АЛДЫМ БА?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ
БҰЛ ІС КӨПШІЛІККЕ МӘЛІМ БОЛСА, ӨЗІМ ДҰРЫС ҚАДАМ ЖАСАҒАНЫМА СЕΝІМДІ БОЛА АЛАМЫН БА?	ТИІСТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ



ҚАЖЕТТІ КЕҢЕСКЕ ЖҮГІНІҢІЗ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАСЫРМАЙ, ТИІСІНШЕ ХАБАРЛАҢЫЗ

Кодекске қатысты қандай да бір жағдай бойынша кеңес қажет болса немесе күмән туғызған жайтты хабарлағыңыз келсе, тікелей жетекшілеріңізге, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне немесе КПО заң директорына жолығыңыз. Бұдан бөлек, нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша тәулік бойы және демалыссыз жұмыс істейтін, тәуелсіз үшінші тараппен басқарылатын жедел желі қызметін де пайдалана аласыз. Бұл желіге телефон арқылы немесе ғаламтор көмегімен хабарласу мүмкіндігіңіз бар. Яғни, қалауыңыз бойынша, анонимді түрде қоңырау шалуыңызға не хат жіберуіңізге болады. Кодекс ережелерін біреудің бұзғаны туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз, бұл жайтты міндетті түрде хабарлаңыз. Бұл – сіздің міндетіңіз. Әйтпесе КПО абыройына нұқсан келуі және қаржылық айыппұлдардың салыну қаупінің төнуі ықтимал. Мұндай салдарлар КПО-ның қызметтік көрсеткіштеріне кері әсер ететіні сөзсіз. Өзіңіздің алаңдаушылығыңызды тударытын жағдайларды хабарлау әрекетіңіз Кодексті ықтимал немесе іс жүзінде бұзу оқиғаларын ерте бастан анықтауға мүмкіндік береді.

Кодекстің ықтимал бұзылуы туралы алаңдаушылықты адал ниетімен білдірген адамға қарсы бағытталған теріс әрекеттердің еш түріне біз КПО-да жол бермейміз. Шын мәнінде, КПО қызметкерлеріне қатысты қандай да бір қысым көрсету немесе кек алу туралы қорқыту әрекеттері Кодексімізді өрескел бұзу ретінде қарастырылады.



ЖЕТЕКШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Этикалық стандарттарды нығайту жолында біз жетекшілік лауазымдардағы қызметкерлерімізге тәуелдіміз. Лайықты тәртібімен олар өз қарамағындағы жұмыскерлеріне үлгі бола алады. Сондықтан жетекші лауазымдардағы қызметкерлеріміз Кодексімізді ұстануда, сонымен қатар оң шешімдер қабылдау қалыпты жағдай болып есептелетін және адамдар өз алаңдаушылықтарын ашық айтуға сенімді бола алатын этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау мәдениетін нығайтуда көшбасшылық танытады деп күтеміз.

БАСШЫ РЕТІНДЕ СІЗ КЕЛЕСІЛЕРДІ ОРЫНДАУҒА МІНДЕТТІСІЗ:

Кодексті түсіну және оның талаптарын сақтау.

Кодекстің сіздің жауапкершілік шегіңізге немесе қызметіңізге тікелей қатысы бар бұзылу жағдайларының негізгі қауіптерін ұғыну және оларды азайту процедураларын түсіну.

Этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша қызметкерлеріңізге арналған оқытулардан олардың тез арада өтуін қадағалау.

Кодексті бұзудан аулақ болу үшін сақталуға тиіс процедураларды, соның ішінде сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін және ықтимал мүдделер қақтығыстарын мүдделер қақтығыстарын тіркеу кітабына және сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін тіркеу кітабына енгізу талаптарын қызметкерлеріңіздің түсінетіндерін қамтамасыз ету.

Ұжымыңызға жаңадан қосылған қызметкердің әрқайсысына Тәртіп кодексіміз және бұл қызметкерлердің лауазымына қатысты Кодексте айқындалған қауіп-қатерлер, сонымен қатар қажетті кеңес немесе қолдау алу үшін жүгінуге болатын тұлғалар туралы ақпарат шұғыл түрде берілгенін қадағалау.

Кодекстің кез келген бұзушылығына қарсы тиісті әрекет етіп, қандай да бір бұзушылық туралы білген немесе күдіктенген қызметкерлеріңізді хабарлауға шақыру.

Кодекс ережелерін біреудің бұзғаны туралы сізге хабарланған болса, бұл жайтты мәлімдеу – сіздің міндетіңіз. Бұл тұста сіз КПО нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінің, КПО заң бөлімінің көмегіне немесе сәйкестік бойынша жедел желі қызметіне жүгіне аласыз. Сондай-ақ, хабарланған барлық жағдайлардың құпиялығын сақтауды сіз қамтамасыз етуге және оны өз басыңызбен оларды тергеуді бастамауға тиіссіз.

Тиісті деңгейдегі басшылықтың шешім қабылдағанынан кейін, Кодекстің бұзылуына қарсы шара ретінде оның салдарларын жою әрекетін қолға алыңыз.



ТӘРТІБІМІЗ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІМІЗ

Біз КПО-ның жұмыс істеу үшін керемет орын ретінде танылғанын қалаймыз және клиенттеріміз, жеткізушілеріміз, билік органдары мен халық алдындағы беделімізді әрдайым дұрыс шешімдер қабылдап, оң қадамдар жасайтын ұйым ретінде қорғауға әрқашан ынталымыз. Бұл мақсатқа жетуіміз үшін, адамдарға деген құрметіміздің негізі болып табылатын әдептілік, адалдық және әділдік бойынша іргелі құндылықтарымызды КПО атынан қызмет ететін әрбір тұлға сақтауға тиіс.

Тәртіп кодексіміздің осы тарауы КПО сізден күтетін және сіз өз әріптестеріңізден күтуге құқыңыз бар лайықты тәртіптің стандарттарын анықтайды.

«ТӘРТІП КОДЕКСІМІЗ ДҰРЫС ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУДА ЖӘНЕ ІРГЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ БЕН ҚАҒИДАТТАРЫМЫЗҒА АДАЛ БОЛЫП ҚАЛУДА ӘРҚАЙСЫСЫМЫЗҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҮШІН ДАЙЫНДАЛҒАН... БАРЛЫҒЫҢЫЗДЫ КПО БОЛАШАҒЫ МЕН АБЫРОЙЫН ҚОРҒАУ ЖОЛЫНДА ӨЗ ҮЛЕСТЕРІҢІЗДІ ҚОСУҒА ШАҚЫРАМЫН».

Джанкарло Рую, бас директор

Кодекс ережелерін біреудің бұзып жатқаны туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз – бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлауыңыз қажет екенін есіңізден шығармаңыз.

Осы тарауда...

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау
Адам құқықтары
Жұмыстағы қудалау
Тең мүмкіндіктер
АТ және электрондық байланыс құралдарын пайдалану
Инсайдерлік мәмілелер
Мүлікті қорғау



ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

КПО әлемдегі қуат қорларына қатысты өсіп келе жатқан қажеттіліктерді экономикалық тұрғыдан тиімді әрі қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілікті таныту қағидаттарын сақтау жолымен қанағаттандыруға көмектеседі. Біздің мақсатымыз – КПО алтын ережелерінің талаптарын орындау. Энергетикалық ресурстарды, өнімдер мен қызметтерді дамыту әрекетімізде біз адамдарға және қоршаған ортаға қамқорлық таныту бойынша мақсаттарымызды ұстанамыз.

Біз клиенттеріміз бен акционерлеріміздің компаниямызға деген сенімі мен үмітін еселей арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік мүмкіндіктерді үздіксіз ұсынатын жақсы көрші ретінде өзіміз қызмет етіп жатқан ортаның гүлденуіне үлес қосуға мүдделіміз. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) саласындағы басқару қызметінде компаниямыздың жүйелі әдісі бар. Бұл әдіс осы саладағы тиісті заңдардың сақталуын қамтамасыз ету және жұмыс тиімділігін үздіксіз жетілдіру мақсаттарына жетуде КПО барлық қызметкерлері мен мердігерлерін біріктіретін мәдениетті нығайту үшін дайындалған.

Біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жетілдіру бойынша алдымызға нақты мақсаттар қойып, қызмет тиімділігіміздің дәрежесін қадағалаймыз, бағалаймыз және ол бойынша тиісті есеп береміз.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесінің негізгі қағидалары ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясаттарымыздың тиімді және тиісінше жүзеге асырылуын қолдау мақсатында қолданылады. Осылайша, біз өндірістік қызметіміз бен жобаларымыздың қоғам мен қоршаған ортаға әсерін басқарамыз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Әрқайсысымыз КПО компаниясының үш алтын ережесін мүлтіксіз сақтауға тиіспіз:

- (I) Заңдардың, стандарттардың және процедуралардың талаптарын **орындау**;
- (ii) Қауіпті және ережелердің бұзылуымен орындалып жатқан іс-әрекеттерге **араласу**;
- (iii) Бір-бірімізді, мердігерлерімізді және айналадағы барлық адамдарды **құрметтеу**.

Орындап жатқан жұмысыңыздың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясаттары талаптарына сәйкестігін қадағалаңыз.

Әрқайсысымыз КПО компаниясының **өмірлік маңызды 11 ережесін** мүлтіксіз сақтауға тиіспіз.

Әрқайсысымыз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерімен байланысты орын алған және ықтимал оқиғалардың немесе ықтимал қауіпті оқиғалардың әрбір жағдайы бойынша қажетті әрекет етуге және хабарлауға тиіспіз.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қызметіміз барысында адам құқықтарын сөзсіз құрметтеу ықыласымыз бизнесімізді жүргізуімізге жол ашады. Адам құқықтарын сақтау талабы – қолданыстағы негізгі қағидаттарымыздың, нұсқаулықтарымыздың және саясаттарымыздың ажырамас бөлігі.

Әлеуметтік жауапкершілік. Компаниямыздың әлеуметтік жауапкершілік бойынша тиісті бағдарламалары бар, яғни біз қызметіміздің жергілікті қоғамға тигізетін әлеуметтік әсерін бағалауды жүргіземіз.

Қауіпсіздік. Компанияның барлық бөлімдеріне сақталатын қауіпсіздік талаптары қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және нысандарымыздың қауіпсіздігін сақтауға бағытталған. Бұл мақсатқа адам құқықтарын толықтай құрметтеу және жергілікті халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы жететініміз анық.

Еңбек ресурстары. Қолданысымыздағы барлық саясаттарымыз бен стандарттарымыз жұмыстың әділ шарттарын ұсынуға және қызмет етудің жағымды ортасын құруға көмектеседі.

Келісімшарттар жасау және сатып алу қызметіміз. Біз тұрақты дамуға үлес қосатын және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жауапты мердігерлермен және жеткізушілермен жұмыс істеуге ынталымыз.

Біз қолданыстағы заңдар мен ережелерді, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын және Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларын сақтаймыз. Сонымен қатар, біз сыртқы мүдделі тараптармен үздіксіз әріптестігімізді жалғастырып, өзіміз жұмыс істейтін қоғамның жалпы әл-ауқатын тікелей және жанама түрде арттыру үшін үлес қосуға тырысамыз.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес қазіргі замандағы құлдық және балалар еңбегін пайдалану қылмыстық құқық бұзушылықтар және адамның негізгі құқықтарын өрескел бұзу болып табылады. Аталмыш заң бұзушылықтардың екеуі де әртүрлі кейіпте келуі мүмкін, соның ішінде: адамды құлдықта немесе күңдікте ұстау, мәжбүрлі немесе міндетті еңбек және адам саудасы. Осылардың барлығы адамды коммерциялық немесе жеке мақсатта өзге адамның пайдалануы үшін бас бостандығынан айыру сипатына ие.

КПО қазіргі заманғы құлдықтың және балалар еңбегінің еш түріне жол бермейді, сонымен қатар өзінің жеткізілім жүйелерінде және қызметінің барлық салаларында балалар еңбегі, құлдық және адам саудасы қаупін анықтауға және мүмкіндігінше азайтуға бар күшін салады.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Жұмысыңыз барысында әлеуметтік жауапкершілік, қауіпсіздік, еңбек ресурстары және келісімшарттар жасау мен сатып алу салаларындағы адам құқықтарын сақтау бойынша міндеттемелеріміздің бұзылмауын қамтамасыз етуге тиіссіз.

Қызметімізге қатысты адам құқықтарының іс жүзіндегі немесе ықтимал бұзылуы туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз, бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлау – сіздің міндетіңіз.



ЖҰМЫСТАҒЫ ҚУДАЛАУ

КПО-да жұмыстағы құдалаудың ешқандай түріне жол берілмейді. Біз адамды кемсітуге, қорқытуға немесе оған қатысты қастандыққа апаратын кез келген іс-әрекетке, мінез-құлыққа немесе тәртіпке төзімсіздік таныту саясатын ұстанамыз және мұндай жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті әрекет етеміз. Айналадағы адамдарға құрмет көрсетіп, орынсыз деп танылуы мүмкін әрекеттерге бой алдырудан аулақ болыңыз.

Кері байланыс орнату, сыни көзқарас білдіру және қарсы пікір айту әрқашан лайықты және әдепті түрде орындалуға тиіс. Атап айтқанда, түрлі мәдени-танымдық ерекшеліктерді, орныққан сенім-түсініктерді ескергеніңіз жөн, себебі әр елдің салты бөлек. Осындай айырмашылықтардан хабардар болу және оларды түсіну – өте маңызды.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Айналадағы адамдарға әрдайым құрметпен қараңыз. Жасаған іс-әрекеттеріңізбен немесе айтқан сөзіңізбен басқаларды қорқытуға немесе кемсітуге жол бермеңіз. Орынсыз әзілдер немесе пікір айтудан аулақ болыңыз. Адамға теріс әсер етуі немесе оның намысына тию мүмкін материалдарды таратпаңыз.

Құпия немесе аса маңызды мәселелер талқыланатын кездейсоқ әңгімелерге қатысу немесе нәсілшілдік, жыныстық қатынас, намысқа тию, жала жабу, алдау немесе өзге де лайықсыз материалдарды қамтитын хат-хабарлама тарату әрекеттеріне бой алдырмаңыз.

Іс-әрекеті қастық жасауға, үрей туғызуға, қорқытуға және намысқа тиюге бағытталған деп ойлауыңыз мүмкін адамға ойыңызды білдіруге қорықпаңыз. Бұл орайда Сіз әрдайым өз жетекшіңізге, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне, еңбек ресурстары басқармасына, КПО заң директорына жолығыңызға немесе жедел желі қызметін пайдалануыңызға болады.

Сұрақ:

Жетекшімнің дәрекі әзілдері мен сөздерінен мен және әріптестерім бірнеше рет ыңғайсыз жағдайға қалдық.

Бұл жағдайда менің не істегенім дұрыс?

Жауап:

Бұл туралы өз жетекшіңізбен сөйлескеніңіз жөн. Жетекшіңізбен тікелей сөйлесуге ыңғайсыздансаңыз, Сіз одан өзге басшыға, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне, Еңбек ресурстары басқармасына жолығып немесе сәйкестік бойыша жедел желі қызметін пайдалана аласыз. Қорқыту, кемсіту немесе қысым көрсету әрекеттеріне қызметкерлеріміз ұшырайтын жұмыс орнындағы зорлық-зомбылыққа немесе қастыққа біз жол бермейміз.



ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

КПО компаниясы әрқайсысымызға тең мүмкіндіктер ұсынады. Осылайша, ең талантты және үздік мамандарды ұжымымызға тартуға мүмкіндігіміз бар. Сондықтан тең мүмкіндіктер ұсынудағы бағытымызда біз КПО-ның әрбір қызметкеріне үміт артамыз.

Кейде адам тең мүмкіндіктер саясатын өзі байқамай-ақ бұзуы мүмкін. Сондықтан Сіз әрқашан әділ болуға тырысуыңыз және жеке сезімдеріңіз, біржақтылығыңыз бен біреуді артық көруіңіз қызметіңізбен байланысты шешімдеріңізге еш әсер етпейтінін қамтамасыз етуіңіз қажет. Жұмысқа қабылдау бойынша жергілікті заңнама талаптарын да білгеніңіз жөн.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Жұмысқа қабылдау, қызмет тиімділігін бағалау, қызметте өсіру, оқыту, кәсіби дамыту, тәртіп, өтемақы төлеу және еңбек шартын бұзу бойынша шешімдер қабылдаған кезде Сіз қызметкердің компанияға сіңірген еңбегі, біліктілігі, жұмыс нәтижелері мен басқа да іскерлік тұстар сияқты объективті факторларды ғана басшылыққа алуыңыз және әділдік танытуыңыз қажет.

Сіз адамдардың әртүрлі болуының маңызын түсінуіңіз және барлығына бірдей қарауыңыз керек. Нәсіліне, түсіне, дініне, жасына, жынысына, жыныстық бағдарлығына, гендерлік ұқсастығына, отбасылық жағдайына, мүгедектігіне, этникалық шығу тегіне немесе ұлтына байланысты оларды кемсітуге жол бермеуіңіз абзал.



АТ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Жұмыстарын қауіпсіз және тиісті талаптарға сай жүргізулері үшін КПО компаниясы өз қызметкерлерін ақпараттық технологиялармен (АТ) және электронды байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді. АТ және электрондық байланыс құралдарын пайдалану кезіндегі міндеттеріңіз төменде белгіленген.

АТ және электрондық байланыс құралдарына аппараттық құралдар, бағдарламалық жасақтамалар және солардың көмегімен өңделетін барлық дерек-мәліметтер кіреді. КПО компаниясы өз АТ жабдығының және КПО желісі арқылы қосылған басқа да құрылғылардың пайдаланылуын тіркейді және қадағалайды.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Сіз КПО АТ қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндеттісіз.

Жұмыс бабымен жеке электронды поштаңызды пайдалануға тыйым салынады.

КПО корпоративтік желісіндегі тіркеулік жазбаңыз туралы мәліметтерді бөгде адамдарға жария етуге тыйым салынады.

Өзіңізге ұсынылған АТ жабдығына орнатылған қауіпсіздік немесе басқа да реттеулерді өзгерту немесе ажырату әрекеттерін КПО АТ бөлімінен осындай нұсқау келген жағдайда ғана орындауға болады.

КПО ақпараттық жүйелері, жабдығы мен серверлері тек лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында ғана пайдаланылуы тиіс.

Дегенмен дербес электрондық поштаны тексеруді, әлеуметтік желілерге кіруді қоса алғанда, лауазымдық міндеттерін атқарумен байланысты емес өзге де мақсаттарда КПО ақпараттық жүйелерін, жабдықтары мен серверлерін бұл ретте КПО атын немесе таңбасын пайдаланбай қысқа мерзімді пайдалануға рұқсат етіледі.

Егер сіз лауазымдық міндеттеріңізді атқарумен байланысты емес хат алмасуды жүргізсеңіз немесе дербес деректерді және кез келген басқа құжаттарды ақпараттық жүйелерде, дербес компьютерлерде және КПО серверлерінде сақтасаңыз, сіз КПО ақпараттық жүйелерінің, жабдықтары мен серверлерінің меншік иесі бола отырып, өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыру, өз құқықтары мен беделін қорғау, заңнама талаптарын сақтау үшін кез келген үшінші тұлғаға беруді қоса алғанда, мұндай ақпаратты өңдеу және қажет болған жағдайда пайдалану құқығына ие екенін мойындайсыз және келісесіз. Корпоративтік мақсатта ұсынылған ұялы телефоныңызды да тиісті саясатқа сәйкес жұмыс бабымен ғана қолданғаныңыз жөн.

КПО-ның АТ және электрондық байланыс құралдарын порнографияны немесе басқа да әдепсіз немесе намысқа тиетін материалдарды жүктеу, сақтау, жіберу немесе тарату үшін, сондай-ақ онлайн құмар ойын сайттарына қосылу немесе заңға қайшы әрекеттер жасау мақсаттарында пайдалануға тыйым салынады.

Жеке мақсаттарыңыз үшін суреттерді сақтау немесе алмасу, ағынды бейне немесе аудио файлдарды ойнату арқылы немесе басқа жолдармен желілік трафикті немесе ақпаратты сақтауға жұмсалатын корпоративті шығындарды көбейтуге тыйым салынады.

Өзіңіздің жеке шаруаларыңызды КПО АТ немесе байланыс құралдарын пайдалану арқылы жүргізбеуіңіз немесе өзге адамдардың мұндай қадамға баруларын құптамауыңыз қажет.

Іскерлік ақпараттар мен материалдарды сақтау, өңдеу немесе олармен бөлісу үшін КПО АТ ережелерінде көрсетілген талаптарға сай мақұлданған қызметтерді ғана пайдалануға міндеттісіз.



ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕЛЕР

КПО-да біз акционерлерімізге немесе олардың құрушы компанияларына қатысты инсайдерлік мәмілелер (яғни, компания туралы инсайдерлік ақпаратыңыз болған кезде акциялармен немесе басқа бағалы қағаздармен сауда жасау) туралы ұлттық және халықаралық заңдар туралы білеміз.

Инсайдерлік ақпарат – КПО акционерлері немесе олардың құрушы компаниялары иеленуі мүмкін дәл, жалпыға бірдей қолжетімді емес және қолжетімді болған жағдайда осындай акционерлердің немесе олардың құрушы компанияларының акциялары немесе басқа да бағалы қағаздарының нарықтық бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін мәліметтер.

Инсайдерлік ақпаратқа негізделген мәмілелер бағалы қағаздармен тікелей сауда жасауды, сондай-ақ акциялармен немесе басқа бағалы қағаздармен сауда жасау үшін пайдаланатын басқа адамға ішкі ақпаратты ұсынуды қамтиды. Инсайдерлік мәмілелер – заңға қайшы және адамгершілікке жатпайтын әрекет.

Инсайдерлік мәміле – жеке тұлғаларды түрмеге қамау немесе оларға азаматтық және қылмыстық айыппұл салуға, ал заңды тұлғаларға азаматтық және қылмыстық айыппұлдар салуға әкелуі мүмкін ауыр қылмыс.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

КПО акционерлері немесе олардың құрушы компаниялары туралы инсайдерлік ақпаратпен тиісті рұқсаттарсыз бөлісуге тыйым салынады.

Сіз іскерлік құпия ақпаратты қорғауға және оны өз пайдаңыз үшін, әсіресе акциялармен немесе басқа бағалы қағаздармен сауда жасау немесе бұл туралы басқаларға кеңес беру мақсатында қолданбауға міндеттісіз. Өсек тарату, жалған ақпарат ұсыну арқылы жаңылыстыру және бағамен айла-шарғы жасау әрекеттерінен аулақ болуға тиіссіз. Инсайдерлік мәмілелер және нарықтағы астыртын айла-амалдар – айыппұл салуға, жұмыстан шығаруға немесе бас бостандығынан айыруға әкелуі мүмкін заңсыз әрекеттер.



МҮЛІКТІ ҚОРҒАУ

КПО компаниясының материалдық, бейматериалдық, электрондық және қаржылық тұрпаттағы әртүрлі мүлкі бар. КПО дербес компьютері, компания таңбасы немесе тіпті объектісі не ғимараты болғанына қарамастан, біздің мүлікті әрбір қызметкер ұқыпты пайдаланады деп үміттенеміз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

КПО мүлкін тиісінше сақтау және пайдалану үшін сіз жеке жауаптысыз. КПО мүлкін жоғалту, тауысу, бұзу, теріс пайдалану, алаяқтық жасау, ұрлау, заңсыз иемдену, қол сұғу және басқа да мақсаттан тыс пайдалану әрекеттерінен аулақ болуыңыз және бұлардан қорғауыңыз керек.

Өзіңізге ұсынылған компания мүлкін қорғауға, сондай-ақ КПО-ның басқа компаниялармен бірлесіп пайдаланатын ортақ активтерін жоғалту мен мақсатсыз пайдаланудан сақтауға өз үлесіңізді қосуыңыз керек. Қырағы болып, мүлікті ұрлау әрекеттеріне жол бермеңіз.

Құжаттарды заңсыз жасыруға, жоюға немесе өзгертуге тыйым салынады.

КПО сізге корпоративті несиелік карта берген болса, оны негізделген және мақұлданған іскерлік шығындар үшін ғана пайдаланып, тыйым салынған санаттардағы заттарды сатып алу үшін қолданбаңыз.

Сонымен қатар, сіз КПО-ның басқа компаниялармен немесе тұлғалармен ортақ активтерін (мысалы, ксерокс аппараты немесе жалға алынған ғимарат) қорғауға өз үлесіңізді қосуға тиіссіз. Бұл мүлік үшін сіз жеке жауапты болмасаңыз да, оларды қадағалауға көмектескеніңіз дұрыс. Сәйкесінше, егер біреу оларға қауіп төндірсе немесе орынсыз ия мақсаттан тыс пайдаланып жатса, бұл әрекетіне араласыңыз немесе оны хабарлаңыз.

Өзгелердің мүлкіне құрметпен қараңыз.



АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

КПО-да қызметіміз ақпаратты пайдалану және алмасу тәртібімізге негізделген. Күнделікті жұмысымызда біз ақпаратпен жұмыс істеп, әртүрлі құралдар арқылы байланыс орнатамыз. Осы орайда біз бұл әрекеттерімізге байланысты қауіп-қатерлерді ескеруіміз керек. Мәселен, бұларға жеке деректердің немесе КПО-ның зияткерлік меншігінің (сонымен қатар КПО-ға ұсынылған зияткерлік меншіктің) арам ниет жасырған адам қолына түсу қаупі кіреді. Деректер алмасу кезіндегі абайсыздық немесе ақпаратты рұқсатсыз жария ету беделімізге нұқсан келтіруі немесе заң салдарына әкелуі мүмкін. Тәртіп кодексінің бұл тарауында осындай қауіп-қатерлер қарастырылады.

«КОДЕКСТІ НҮСҚАМА РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ... ӨЗИҢІЗ КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙЛАР ОРЫН АЛУЫ ӘБДЕН МҮМКІН – ЖАҢА ҚАУІП ПАЙДА БОЛУЫ НЕМЕСЕ ЖҰМЫСЫҢЫЗДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗИҢІЗГЕ БЕЙМӘЛІМ БОЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ БАРУҒА ИТЕРМЕЛЕЙТІНІН БАЙҚАУЫҢЫЗ МҮМКІН».

Джанкарло Рую, бас директор

Кодекс ережелерін біреудің бұзып жатқаны туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз – бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлауыңыз қажет екенін есіңізден шығармаңыз.

Осы тарауда...

Деректердің құпиялығы

Зияткерлік меншік

Ақпаратпен және құжаттамамен жұмыс істеу

Ақпаратты жария ету және іскерлік қатынастар



ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ

Деректердің құпиялығы туралы заңдар адамдарға қатысты ақпаратты, яғни олардың жеке деректерін қорғайды. КПО өз қызметкерлерінің, тапсырыс берушілерінің, жеткізушілерінің және іскерлік серіктестерінің құпиялылықты сақтау бойынша құқықтарын құрметтейді. Біз жеке деректердің кәсіби, заңды және этикалық тұрғыдан сауатты түрде өңделуін қамтамасыз етуге міндеттіміз.

Жеке деректер кең мағынада жеке басы анықталған немесе анықталатын адамға қатысты кез келген ақпаратты білдіреді. Мысалы, оның аты мен байланыс деректері. Бұдан тереңдеу жеке ақпарат, мысалы, адамның нәсіліне немесе этникалық тегіне, денсаулық күйіне, жыныстық бағдарына, қылмыстық әрекеттеріне немесе кәсіподаққа мүшелікке қатысты деректер бұдан да сезімтал болып табылады және қатаң талаптарға бағынады.

Біз жеке деректерді тек заңды мақсаттарда ғана өңдей аламыз. Сондықтан жиналған ақпарат тиісті мақсатқа сай, дәл әрі маңызды болуға, сондай-ақ рұқсатсыз немесе орынсыз пайдаланудан лайықты түрде қорғалуға тиіс. Жеке деректерді үшінші тараптарға жіберу қажеттілігі туған жағдайда, оның тиісінше қорғалғанын қамтамасыз ету қажет. Әйтпесе жеке тұлғаларға нұқсан келтіріліп, салдарынан деректерді өңдеу құқымыздан айырылуымыз және айыппұлдарға немесе соттың істі қарауына тап болуымыз мүмкін.

Мұндай әрекеттерімізден КПО беделіне де қауіп төнуі ықтимал.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІҢІЗ

Жеке ақпаратты жинау, пайдалану, сақтау немесе жариялаудан бұрын деректердің, әсіресе жаңа АТ жүйесі, жоба немесе маркетингтік бастама сияқты бағыттарда қолданылатын мәліметтердің құпиялылығына төнуі мүмкін қауіптерді анықтағанымыз жөн.

Жеке деректер нақты, белгіленген және заңды мақсаттар үшін ғана өңделуге тиіс.

Адамдардың жеке деректерін өңдеуден немесе бөлісуден бұрын, бұл адамдарды міндетті түрде хабардар етуіңіз керек. Кейбір жағдайларда олардың алдын-ала келісімін алу қажет болуы мүмкін.

Үшінші тараппен бөлісетін жеке деректер міндетті түрде қорғалуға тиіс. Ақпаратты үшінші тараппен бөлісу кезінде тиісті келісім алу қажеттілігі немесе жеке деректерді қорғау тәсілдері туралы күмәндансаңыз, сіз КПО заң директорынан немесе КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінен қажетті кеңес ала аласыз. Өзіңіздің иелігіңіздегі жеке деректердің жаңартылуын және қажеттілігі жоғалған кезде тиісінше жойылуын қамтамасыз етуіңіз керек.

Сұрақ:

Менің досым өзінің іскерлік хабарламалар тарату тізіміне қосу үшін әріптестерімнің байланыс деректерін беруімді өтінді. Досым сатып жатқан тауар оларға ұнайды деп ойлаймын, сондықтан бұл жағдайда менің көмегім орынды деген ойдамын. Мен оған әріптестерімнің есімдері мен электронды мекенжайларын бере аламын ба?

Жауап:

Жоқ – досыңызға өзінің клиенттік базасын жасақтаудың басқа әдісін табуға тура келеді. Жеке деректерді сіз КПО қызметімен байланысты және заңды мақсаттар үшін ғана пайдалана аласыз.



ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

КПО компаниясы КПО акционерлері немесе олардың тиісті үлестес тұлғалары ұсынған және барлығымыз қорғауға тиіс керемет брендтерді, ой-пікірлер мен технологияларды қолданады.

Осы құнды брендтер, идеялар мен технологиялар да, сауда белгілері, патенттер, ноу-хау, коммерциялық құпиялар және басқа зияткерлік меншік (ЗМ) құқықтары сияқты тиісті қорғауды қажет етеді. Бұлардың барлығын КПО игілігі үшін оңтайлы әрі тиімді қолдануымыз қажет.

Бұл орайда өзге тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын құрметтегеніміз және оған бас сұқпағанымыз аса маңызды. Бұл талаптарды орындамау бизнесімізге және беделімізге нұқсан келтіріп, қызмет жүргізу қабілетімізге немесе құқымызға кері әсер етуі мүмкін.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Сіз КПО-ға тиесілі немесе оған берілген брендтер мен сауда белгілерін тиісті мақсаттарда және осы брендтер мен сауда белгілерімен бірге КПО-ға ұсынылған стандарттар мен ережелер талаптарымен толық сәйкестікте пайдалануға міндеттісіз.

КПО-дағы қызметіңіз барысында инновациялық ұсыныстарды, жаңашыл идеяларды ойлап тапсаңыз немесе бұған өз үлесіңізді қосқан болсаңыз, бұл жайтты КПО заң директорына хабарлауға тиістісіз.

Сіз КПО-ның іскерлік және техникалық ақпаратын лайықты тәртіпте жіктеуіңіз және сақтауыңыз керек. Бұл ақпаратқа қол жеткізуді бақылау шаралары да жүргізілуге тиіс.

КПО-ның құпия ақпаратын тиісті рұқсат немесе жазбаша келісім немесе келісілген негіздеме аясында және бұл ақпарат тиісті келісім бойынша ұсынылғаны туралы тіркеу жазбасы жасалғаннан кейін ғана КПО компаниясынан тыс жариялауға болады.

Тиісті рұқсатыңыз болмаса және алдын ала жазбаша келісім бойынша қабылдау туралы келіспесеңіз, сіз үшінші тараптан құпия ақпаратты қабылдамауыңыз керек.

Үшінші тараптың құпия ақпаратын мақсаттан тыс пайдаланбауыңыз керек.

Үшінші тарап қандай да бір тұлғаның ЗМ құқықтарын бұзып немесе мақсаттан тыс пайдаланып жатқанын, мысалы, құпия ақпаратты қамтитын құжаттарды өзге адамға беріп жатқанын байқасаңыз, бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлау – сіздің міндетіңіз.



АҚПАРАТПЕН ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Барлық өзге ұйымдар сияқты біз де іскерлік шешімдеріміз бен күнделікті қызметіміз үшін ақпаратты пайдалану және алмасу әрекеттеріне тәуелдіміз. Өзімізге немесе өзге тұлғаларға қатысты осындай ақпарат, әсіресе жеке деректер, коммерциялық құпия ақпарат және зияткерлік меншік сияқты мәліметтер, асқан жауапкершілікпен дайындалатынын және пайдаланатынын, сонымен қатар тиісінше қорғалатынын қамтамасыз етуіміз тиіс.

КПО-дан тыс жерлерде болғанымызда (КПО кеңселерінен тыс жерде басқалармен кездесу, іссапарлар және т.б.) құпия ақпаратты қорғауға ерекше назар аударуымыз керек. Біз, сонымен қатар, корпоративтік жадыны, сондай-ақ заңды және нормативтік талаптарға сәйкестікті сақтау үшін іскерлік қызметтің тиісті жазбаларын жүргізуді қамтамасыз етуге міндеттіміз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Өзіңіз пайдаланатын әрбір ақпаратпен байланысты қауіп-қатерлерді тиісінше бағалау арқылы бұл қауіп-қатерлерді лайықты түрде басқаруға және аталмыш ақпаратты қорғауға болады.

Ақпаратты дайындаған немесе қабылдаған кезде, оны құпиялылығы бойынша тиісті жіктеп, қажет болса, оған «Ресми құжат/ Жазба» деген таңба салып, КПО құжаттарын сақтау қоймасына жіберуіңіз қажет. Бұл ақпаратпен оны алуға тиісті құзыреті және рұқсаты бар адамдармен ғана бөлісуге болады. Барлығымыз ақпаратты басқарудың талаптарын және әдістемелік материалдар ережелерін сақтауға міндеттіміз.

Үшінші тараптармен жұмыс істемес бұрын, ақпаратпен алмасуға тиісті рұқсат алуыңыз қажет.

КПО заң директорымен ақпарат сақталуын қамтамасыз ету туралы берілген нұсқама мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Ақпараттың заңды пайдаланылып жатқанына күмәндансаңыз – КПО заң директорына жолығып, бұл жайтты тексергеніңіз дұрыс.



АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАТЫНАСТАР

Іскерлік қатынастарымыз әртүрлі құралдар арқылы жүргізіледі. Сондықтан КПО қызметкерлері ретінде жазған немесе айтқандарымыздың барлығы КПО компаниясының беделіне әсер етеді. КПО компаниясында немесе одан тыс қатынасудың немесе ақпарат алмасудың қандай құралын пайдалансаңыз да, КПО-ның ақпаратты жария ету және іскери байланыс ережелерін, соның ішінде электрондық поштаға және әлеуметтік желілерге қатысты қолданылатын қосымша ережелерін ұстанғаныңыз жөн.

КПО атынан көпшілікке жасалған барлық хабарламалар ақпаратты жария етуге қойылатын талаптарға сай болуға және, сәйкесінше, үкіметтік мекемелермен өзара әрекет ету жөніндегі басқармамен мақұлдануға тиіс. Барлық хат-хабарламалар, әсіресе болашақта болжанатын ақпаратты қамтыған жағдайда, жауапкершіліктен бас тарту бойынша заңды ескертумен бірге жіберілуге тиіс.

КПО атынан жалпыға жолданатын кез келген хабарлама қолданыстағы заңдар мен ережелердің барлығына сәйкес келуге тиіс және жарияланатын барлық маңызды аспектілері дәл, өзекті және үйлесімді болғаны жөн. Бұған қоса, жарияланатын ақпарат өзектілігі уақыт өте келе өзгеретіні анық, сондықтан бұл ақпараттың жариялану уақыты міндетті түрде белгіленуге тиіс. Дәл емес, толымсыз немесе жалған ақпарат ұсыну заңға қайшы әрекет ретінде танылуы және КПО мен оның қызметіне қатысы бар адамдарға айыппұлдар, ықпалшаралар және басқа жазалар салуға әкелуі мүмкін.

Тиісті рұқсат берілмеген жағдайда, әлеуметтік желілердегі жеке парақтарыңызды қызметтік мақсаттарда қолдануға тыйым салынады. Себебі әлеуметтік желілерді жеке мақсатта немесе жұмыс бабымен қолдану – қызметіңізге қатысы жоқ сіздің жеке шешіміңіз. Десек те, өзіңіздің жұмысыңызды орындау әлде басқа мақсаттарда пайдаланатыныңызға қарамастан, өзіңіздің немесе КПО-ның басқа қызметкерлерінің жұмысына немесе КПО-ның қызметі мен беделіне әсер ететін әлеуметтік желілер Кодекс талаптарымен реттеледі.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Тиісті рұқсатыңыз болмаса, КПО-ның қызметі туралы ақпаратты жария етуге тыйым салынады. Бұл ереже жазбаша және ауызша хабарламалардың барлығына да таралады.

Үкіметтік мекемелермен өзара әрекеттесу басқармасының мақұлдауынсыз КПО атынан бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынасуға болмайды.

Тиісті корпоративтік құзыретіңіз болғанда ғана КПО атынан ақпарат таратуға немесе жариялауға болады. Сонымен қатар, өзіңіз жұмыс істемейтін бөлімдерге қатысты бұйрықтар шығаруға немесе шешімдер қабылдауға құқыңыз жоқ.

Құпия немесе аса маңызды мәселелер талқыланатын кездейсоқ әңгімелерге қатысу немесе КПО құпия ақпаратын қамтитын немесе КПО қызметіне не беделіне зиян келтіруі мүмкін хат-хабарлама тарату әрекеттеріне бой алдыруға тыйым салынады.

Пайдаланушылардың бекітілген тізімінде болсаңыз, қызметтік мақсаттарда КПО компаниясымен мақұлданған әлеуметтік желілерді ғана пайдалануыңызға болады.

Іскерлік құпия ақпаратты жария ету үшін немесе басқа да қызметтік мақсаттарда әлеуметтік желілердегі жеке парақтарыңызды пайдаланбаңыз.

Энергиямен байланысты сұрақтарды талқылау немесе КПО мен оның өнімдері/қызметтері туралы жағымды пікірлерді мақұлдау немесе ұсыну үшін жеке әлеуметтік желіңізді жеке мақсаттарда пайдалануды КПО компаниясы мақұлдаған болса, сіз келесі мәліметтерді жария етуге тиіссіз:

- ▶ КПО қызметкері екеніңіз;
- ▶ КПО атынан сөйлеп тұрмағаныңыз;
- ▶ жеке өзіңіздің, яғни КПО-ның пікірімен бірдей болмауы мүмкін ойыңызды білдіріп отырғаныңыз.



ҮШІНШІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК КЕЗІНДЕГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

КПО-ның қандай да бір клиентпен, іскери серіктеспен, бірлескен кәсіпорынмен, мемлекеттік қызметкермен, бәсекелес ұйыммен немесе кез келген басқа мүдделі тараппен қарым-қатынасқа түсудің әрбір жағдайында, бұл әріптестікке ілеспе қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді айқын түсінуге тиіспіз. Сондай-ақ, КПО-ның шекарааралық, яғни көрші мемлекеттермен өзара әрекеттесуі тиісті сауда заңнамасының барлық ережелеріне сәйкес жүргізілетінін қамтамасыз етуіміз керек.

Заң талаптарын орындамау әрекеті КПО компаниясына қатысты айыппұлдарға немесе оның қызметіне күрделі нұсқан келтіруі мүмкін. Жеке тұлғаларға да айыппұлдар салу немесе бас бостандығынан айыру шаралары қолданылуы мүмкін. Тәртіп кодексінің осы бөлімі іскерлік қарым-қатынастарыңызды заңды, этикалық тұрғыдан дұрыс және кәсіби деңгейде жүргізуге, сонымен қатар өзіңізді заңға қайшы және күдік туғызатын іс-әрекеттерден қорғауға және КПО-ның беделін

«СӘЙКЕСТІКТІҢ ТАЛАПТАРЫ ТОЛЫҚ САҚТАЛМАҒАН ӘРБІР ЖАҒДАЙ ЖҰМЫСТАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗГЕ КЕРІ ӘСЕР ТИГІЗЕДІ ЖӘНЕ ҮЛКЕН ШЫҒЫНДАР ҚАУІПІН ТӨНДІРІП, ОСЫЛАЙША ЖАЛПЫ ТАБЫСЫМЫЗҒА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК АБЫРОЙЫМЫЗҒА НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ...».

Джанкарло Рую, бас директор

сақтауға қолдау көрсету үшін дайындалған.

Кодекс ережелерін біреудің бұзып жатқаны туралы білсеңіз немесе күдіктенсеңіз – бұл жайтты жасырмай, тиісінше хабарлауыңыз қажет екенін есіңізден шығармаңыз.

Осы тарауда...

Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері

Мүдделер қақтығысы

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес

Саяси қызмет және төлемдер

Монополияға қарсы күрес

Халықаралық сауда жасау талаптарына сәйкестік



ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

КПО-дағы қарым-қатынастарымыз бір-бірімізге деген сенім негізінде құрылады және біз өз беделімізді сақтауға және арттыруға бар күшімізді саламыз. Сондықтан біз пара, соның ішінде ресмилікті жеңілдету төлемдерін алу немесе беру әрекетіне бой алдырудан аулақпыз. Пара мен сыбайлас жемқорлық туралы еш негізсіз жазылған шағымның өзі де КПО беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

КПО қызметіне қатысы бар әрбір адам өзіміз жұмыс істейтін елдердің, сондай-ақ олардың шекараларынан тыс та қолданылатын парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды сақтауға тиіс.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Өзіңізге деген ерекше қатынас немесе бизнес артықшылығы үшін жеке төлемдер, сыйлықтар немесе қызмет ұсынуға, төлеуге, жасауға, сұрауға немесе қабылдауға болмайды. Сіздің атыңыздан мұндай қылықтарды басқа біреулердің жасауына да жол бермеуіңіз қажет.

Ресмилікті айналып өту немесе жеңілдету төлемдерін жасаудан аулақ болуыңыз керек. Сізден ресмилікті айналып өту немесе жеңілдету төлемдерін жасау сұралған немесе мұндай төлемдердің жасалғаны туралы өзіңізге мәлім болса – бұл жайтты шұғыл түрде КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне немесе КПО заң директорына хабарласыңыз немесе сәйкестік бойынша жедел желі қызметін пайдаланыңыз. Өміріңізге немесе бостандығыңызға қауіп төнді деген қорқынышпен жасалған төлеміңіз ресмилікті айналып өту немесе жеңілдету төлемі болып есептелмесе де, мұндай төлемді ресмилікті айналып өту немесе жеңілдету төлемі орын алған кездегі тиісті тәртіпке сай хабарлау қажет.

Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша нұсқаулықта белгіленгендей, іскерлік серіктеріңіздің сенімділігін тексеру арқылы кіммен әріптестік қатынастырын жүргізіп жатқаныңызды қадағалап жүріңіз.

Мемлекеттік қызметкермен әрекеттесу кезінде парақорлыққа тап болудың үлкен қаупі бар. Сондықтан әрқайсысымыз Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша нұсқаулықта міндетті талаптарын орындауға тиіспіз.

Сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайлар туралы міндетті түрде хабарлау қажет. Парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен байланысты күдіктерді көзге ілмеу немесе елемеу КПО компаниясының немесе жеке тұлғалардың жауапкершілікке тартылуына әкелуі мүмкін.



СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Дұрыс шешімдер қабылдаудың, сондай-ақ айналадағылардың мұндай тәртібіңізді көруінің де маңызы зор. Осы себептен біз қызметкерлерімізді іскери серіктестерден сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін (СҚБ) қабылдаудан немесе оларға ұсынудан, әсіресе менеджеріңізге, әріптестеріңізге, отбасыңызға немесе көпшілікке өзіңіз ұсынғаныңыз немесе қабылдағаныңыз туралы айту ыңғайсыз болған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінен бас тартуға шақырамыз.

Атап айтқанда, қабылданған немесе ұсынылған сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің бизнес шешімдерге әсер етуіне немесе өзге адамдардың осындай әсер бар екені туралы күмән тудыруына жол бермеуіңіз тиіс. Сондықтан өз қызметкерлерімізді агенттеріміз бен бизнес серіктестеріміздің, соның ішінде мемлекеттік органдардың және мемлекеттік қызметкерлердің КПО-ның СҚБ саясатынан хабардар болуын қамтамасыз етулерін сұраймыз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

Сіз тікелей немесе басқа жолдармен келесілерді ұсынудан, беруден, сұраудан немесе қабылдаудан аулақ болуға міндеттісіз:

- ▶ заңсыз немесе орынсыз СҚБ, ақша немесе оның баламалары (шартпен келісілмеген тәуліктік шығындарға төлемдерді қоса алғанда), көлік құралдары, жеке қызметтер немесе КПО бизнесіне байланысты қарыздар; немесе
- ▶ іскери серіктес болмаған жағдайда немесе бизнестік маңызды шешімдер қабылданып жатқан кездегі СҚБ; немесе
- ▶ Тікелей жетекшінің және басқа да тиісті тұлғалардың мақұлдауы алынбаған жағдайдағы құны белгіленген шектерден асатын СҚБ;
- ▶ Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін тіркеу кітабына енгізілуі тиіс СҚБ: мемлекеттік қызметкерден немесе үшінші тараптан қабылданған немесе оларға ұсынылған барлық СҚБ, мүдделер қақтығысына әсер ететін немесе оны тудыратын деген күмән қалдыратын кез келген сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері, сондай-ақ қабылдаудан/ұсынудан өзіңіз бас тартқан қолма-қол ақшалай немесе құны белгіленген шамадан тыс СҚБ, оның ішінде жеке заттар.

Мемлекеттік қызметкерге СҚБ ұсынған кезде сіз келесілерді бермеуіңіз немесе бұлар үшін төлемеуіңіз тиіс: туристік бағыттарға қосымша сапар күндері немесе жеке сапарлар; отбасы мүшелері / қонақтар (егер КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің өкілімен немесе заң директорымен мақұлданбаса).

Мемлекеттік қызметкерге қандай да бір СҚБ ұсынар алдында, сіз тиісті мақұлдауларды сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін тіркеу кітабы арқылы алдын-ала алуыңыз керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлеріне сыйлықтар беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке себеп болуы мүмкін екенін ескеруіңіз керек, демек, КПО компаниясы мұндай әрекетті құптамайды.

Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілер құны бойынша шектеулер туралы толық ақпаратпен және арнайы ережелермен танысу үшін Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша нұсқаулықты пайдаланыңыз.

Сұрақтарыңыз туындаса, нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне хабарласыңыз.



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Мүдделер қақтығысы (МҚ) сіздің жеке қарым-қатынастарыңыздың, басқа қызметтегі сыртқы әрекеттерге қатысуыңыздың немесе мүддеңіздің КПО-дағы бизнес шешімдеріңізге әсер етуі немесе әсер ететіндей басқаларға көрінуі кезінде туындауы мүмкін. Мүдделер қақтығысының іс жүзіндегі, ықтимал немесе орын алған деп көрінуі мүмкін әрбір жағдайы өзіңіздің және КПО абыройы мен беделіне күрделі зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан, іс жүзіндегі, ықтимал немесе орын алған деп көрінуі мүмкін мүдделер қақтығыстарын мүмкіндігіңізше болдырмауыңыз қажет.

Егер сіз іс жүзіндегі, ықтимал мүдделер қақтығысына немесе басқаларға мүдделер қақтығысы деп көрінетін жағдайларға тап болсаңыз, ештеңені жасырмай және КПО мүдделер қақтығыстарын тіркеу кітабына егжей-тегжейлі жазбаны қалдырып, өзіңізді қандай да бір лайықсыз тәртіпке бой алдырды деп танылуы мүмкін күдіктерден қорғауыңыз қажет.

Бұл әрекетке бірнеше ғана минут уақытыңызды бөлу арқылы өзіңізді ұзаққа созылатын тергеу амалдарынан да сақтайсыз. Мүдделер қақтығысының іс жүзіндегі, ықтимал немесе орын алған деп көрінуі мүмкін жағдайларына еш әкелмейтін болса, сіз басқа істерде өз үлесіңізге ие болып, пайдаңызды таба аласыз және компаниядағы жұмысыңыздан тыс қызметтерді де өз уақытыңызда жасай аласыз. Сонымен қатар, жұмыстан бос уақытыңызда қоғамдық, мемлекеттік, білім беру және басқа да коммерциялық емес ұйымдарда белсенділік танытуға да құқылысыз. Десек те, бұл жағдайларда да сіз барлық тиісті заңдар, ережелер мен КПО саясаттары талаптарын сақтауға міндеттісіз. Ал бұл жөнінде қандай да бір күмән туындаса, сіз жаңа істі бастамас бұрын өзіңіздің тікелей жетекшіңіздің, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің көмегіне жүгініп, алаңдаушылығыңызды білдіргеніңіз дұрыс.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

КПО-дағы қызметіңізде жасайтын кез келген шешімдеріңізге жеке көзқарастарыңыздың, мысалы, қарым-қатынастардың немесе өзіңіздің, отбасыңыздың немесе достарыңыздың сыртқы мүдделерінің әсер етуіне жол бермегеніңіз жөн.

Сіздің шешімдеріңізге нақты әсер етпеу мүмкіндігі туралы пайымдауыңызға қарамастан, мүдделер қақтығысының іс жүзіндегі, ықтимал немесе орын алды деп көрінуі мүмкін жағдайларының барлығын КПО МҚ тіркеу кітабына енгізуге тиіссіз.

Егер сіз осындай мүдделер қақтығысының бар-жоғына күмәндансаңыз, тікелей жетекшіңізбен, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімімен және КПО заң директорымен кеңесуіңіз керек.

Мүдделер қақтығысының іс жүзіндегі, ықтимал немесе орын алды әлде орын алуға итермелейтін деп көрінуі мүмкін жағдайларына әкелетін шешімдерді қабылдаудан бас тартыңыз.

Сұрақ:

Менің ағам – еліміздегі Энергетика министрінің орынбасары. Бұл жайтты мүдделер қақтығыстарын тіркеу кітабына енгізуім қажет пе?

Жауап:

Лауазымыңызға, елдегі КПО қызметіне және басқа да жағдайларға байланысты бұл қатынас ықтимал, іс жүзіндегі немесе орын алды деп көрінетін мүдделер қақтығысына себеп болуы мүмкін. Барлық жағдайда, осындай жайтты мүдделер қақтығыстарын тіркеу кітабына енгізуіңіз қажет. Содан кейін ғана тікелей жетекшіңіз сізді, КПО компаниясын және ағаңызды қорғауға бағытталған қадамдардың қажеттілігін өзіңізбен талқылай алады.



ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қылмыстардан түскен кірістер заңды іскерлік операцияларда жасырылған кезде немесе заңды қаражат қылмыстық әрекеттерді, оның ішінде терроризмді қолдауға жұмсалған кезде қылмыстық жолмен табылған ақшаны жылыстату орын алады. Барлық компаниялардың алдында осындай алаяқтар қақпанына түсу қаупі бар – сондықтан әрқайсысымыз өз абыройымызды қорғауға көмектесу және заң талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін әркез дайын болуымыз керек.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Сіз қылмыскерлермен, қылмыс жасады деген күдіктілермен әрекеттеспеуіңіз немесе қылмыстық жолмен алынған ақшамен бұл жайттарды біле тұра айналыспауыңыз тиіс.

Бизнесімізді кіммен жүргізіп жатқанымызды білу үшін, сіз КПО-да талап етілетін сенімділікті кешенді тексерудің барлық талаптарын орындауыңыз керек.

КПО атынан жүргізетін бизнес операцияларыңыздың қылмыспен алынған ақшалай табыстарды немесе мүлікті сатып алуға, пайдалануға немесе сақтауға қатысы жоқ екеніне көз жеткізуіңіз керек.

Сіз қылмыстық мүліктің қайдан және қандай жолмен пайда болғанын жасырмауға тиіссіз.

Сіз қылмыстық мүлікті сатып алу, иемдену немесе бақылау әрекетіне жағдай жасаудан аулақ болуға тиіссіз.

Егер сіз контрагенттің КПО-мен жасалатын мәмілеге байланысты ақшаны жылыстатуға қатысы бар екені туралы білсеңіз немесе ол туралы күдігіңіз болса, бұл жайтты шұғыл түрде КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне немесе сәйкестік бойынша жедел желіге хабарлауыңыз керек. Заңнама талаптарына сәйкестікті сақтау үшін контрагентті өз күдігіңіз туралы хабардар етпеңіз. Тиісті құжаттарды жасыруға, жоюға немесе олардың жалған нұсқаларын жасауға тыйым салынады.



САЯСИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР

Жұмыстан тыс уақытта әрқайсымыздың өз қызығушылықтарымыз бар және өз уақытыңызда заңды саяси қызметпен айналысуға сіз құқылысыз. Десек те, КПО-ның мүдделері мен абыройын да қорғауымыз қажет. Сондықтан жеке тұлғалар өздерінің жеке саяси қызметтерін КПО-дағы рөлінен бөлек жүргізгені – аса маңызды.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

КПО қаражаты мен ресурстарын саяси науқандарды, саяси партияларды, саяси кандидаттарды немесе оларға қатысы бар кез келген адамды тікелей немесе басқа жолдармен қаржыландыруға көмектесу үшін пайдалануға болмайды.

Ниетіңізді бүркемелеп, КПО қаражатын қайырымдылық садақалары ретінде саяси төлемдер жасау үшін пайдалануға болмайды (Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес бойынша нұсқаулықты қараңыз).

Компаниядағы қызметіңіз барысында КПО атынан әрекет етуден тыс жағдайларда білдіретін саяси көзқарастарыңыз немесе жасайтын іс-әрекеттеріңіз КПО-ға емес, өзіңізге ғана қатысты екенін әрдайым айқын жеткізуге міндеттісіз.

Сіз мүдделер қақтығысына қатысты ережелерді білуіңіз, саяси іс-шараларға қатысуыңыз өзіңізді немесе КПО-ны мүдделер қақтығысы орын алуы мүмкін жағдайға араластырмауын қамтамасыз етуіңіз керек.

Егер сіз мемлекеттік қызметке тұруға ниетті болсаңыз, алдымен тікелей жетекшіңізбен және КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімімен кеңесіп, олардың мақұлдауын алуыңыз қажет. Сонымен қатар, сіз мүдделер қақтығыстарын тіркеу кітабына бұл ниетіңізді жариялауыңыз және саяси іс-шараларға қатысу әрекетін реттейтін заңдарды сақтауыңыз керек.



МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Монополияға қарсы заңдар кәсіпкерліктің еркіндігі мен бәсекелестіктің әділдігін қорғайды. Заңда жазылғандықтан ғана емес, бұларға өзіміз кәміл сенетіндігімізден осы қағидаларды сақтаудың біз үшін маңызы зор.

КПО қызметкерлері заңға қайшы әрекеттермен, соның ішінде бағаны белгілеу, нарықты бөлісу, шығарылымды шектеу, тендерге қатысуға өтінімдер тапсыру немесе тендерге қатысу кезіндегі келісулер шараларымен, бәсекелестікке қарсы немесе монополиялық тәжірибелермен күресуде өз үлестерін қосады деп күтеміз. Бәсекелестерімізбен қандай-да бір орынсыз әңгіме немесе келісім жасасудан аулақ болыңыз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Бәсекелестермен бағаны немесе бағаның кез келген элементін, мысалы, жеңілдіктерді, үстеме ақыларды немесе несиелік шарттарды бекіту туралы тіпті бейресми түрде келісуге тыйым салынады.

Бәсекелестермен өндірісті, оның қуатын немесе көлемін қысқарту немесе тұрақтандыру бойынша келісуге тыйым салынады.

Бәсекелестермен белгілі бір клиенттерді, шоттарды немесе нарық көздерін бөлу үшін келісуге тыйым салынады.

Тендерге қатысу өтінімдерін ұсыну және тендерге қатысу кезінде бұрмалау немесе алаяқтық әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Халықаралық деңгейде енгізілген үкіметтік санкциялардан тыс жағдайларда, кез келген тапсырыс берушіге немесе жеткізушіге бойкот жариялау бойынша өзге тұлғалармен келісуге тыйым салынады.

Тәуелсіз дилер, дистрибьютор немесе сатушы делдалдар үшін минималды немесе қайта сату бағасын белгілеу бойынша іс-шаралар жүргізуге тыйым салынады.

Заңды себептерсіз бәсекелестік тұрғысынан аса маңызды ақпаратпен бөлісуге немесе оны қабылдауға тыйым салынады.

Заңды түрде келісуге рұқсат етілмеген кез келген мәселені бәсекелестермен талқылауға болмайды.

КПО бағасын белгілеу, өндіріс, тұтынушыларымен әрекеттесу және сату мен сатып алу нарықтары бойынша барлық шешімдер КПО-мен ғана қабылдануға тиіс деген қағиданы ұстануыңыз керек.

Бәсекелестікке қатысты құпия ақпарат қозғалған салалық жиналыстарға немесе басқа іс-шараларға қатыспай, оларды тастап кетуіңіз керек. Мұндай шараларды тастап кеткеніңізді оған қатысушылар байқағанына көз жеткізіп, бұл жайтты КПО заң директорына немесе КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне шұғыл хабарлаңыз.

Егер сізге бәсекелестікке қайшы қандай да бір ықтимал жағдай туралы мәлім болса немесе оның заңды не заңсыз екеніне күмәніңіз туса, сіз бұл жайтты міндетті түрде хабарлауға тиіссіз.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖАСАУ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

Басқа кез келген халықаралық компания сияқты біз де сауда бойынша қолданыстағы ұлттық және халықаралық ережелердің барлығын сақтауға тиіспіз.

Сауда жасау талаптарына сәйкестік тауарлардың, технологиялардың, бағдарламалық жасақтамалардың және қызметтердің импортын, экспортын және ішкі нарықтағы саудасын реттейтін ережелерді, сондай-ақ халықаралық санкциялар мен шектеулі сауда практикасын қамтиды.

Қолданыстағы заңдарды сақтамау айыппұлдарға, кідірістерге, тауарларды тәркілеуге немесе КПО-ның экспорттық немесе импорттық айрықша құқықтарын жоғалтуға, сондай-ақ КПО мен оның акционерлерінің беделіне нұқсан келтіруге немесе қолданыстағы заңдар мен құзыреттерге байланысты жеке тұлғалар үшін бас бостандығынан айыруға әкелуі мүмкін. Қойылатын талаптарды және сіздің қызметіңізге олардың қатысын білу – өте маңызды. Осылайша, сіз компанияға бизнесті халықаралық деңгейде жүргізуді жалғастыруға көмектесесіз.

ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІҒІЗ

Сіз барлық тауарлар мен бағдарламалық жасақтамалар бойынша тиісті кедендік және экспорттық бақылау жіктемесін алуыңыз, сақтауыңыз және хабарлауыңыз қажет. Тауарлар мен бағдарламалық жасақтамалардың іс жүзіндегі қозғалысы үшін олардың құнын бағалау бойынша және шығу тегі туралы ақпарат та қажет.

Компанияға тиесілі жабдықтармен және аппараттық құралдармен, соның ішінде ноутбуктармен, смартфондармен және басқа да байланыс құралдарымен саяхаттау кезінде сіз компания нұсқаулықтарын басшылыққа алуға тиіссіз.

Сауда/кеден өкілдерінің қызметтерін пайдаланған кезде компания процедураларын сақтауға міндеттісіз.

Түпкі пайдаланушыға сертификат ұсынған немесе рәсімдеген кезде сіз компания процедураларын сақтауға міндеттісіз.

Өзіңізбен жұмыс істейтін үшінші тараптар қолданыстағы санкциялар тізімдері бойынша тиісті тексеруден өткендерін сіз қамтамасыз етуіңіз керек.

Үшінші тараппен қарым-қатынасыңыз барысында күдікті фактілер немесе «қауіп белгілері» анықталған жағдайда, бұл іске қатысты барлық әрекеттеріңізді тоқтатып, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінен көмек сұрауыңыз керек.

Ықпалшара енгізілген елде немесе санкция салынған тараппен компанияның процедураларына сәйкес арнайы рұқсатсыз ешқандай қарым-қатынас жасауға болмайды. Ал өзіңізде ықпалшаралар енгізілген елде, әлде шектеулер немесе санкция салынған тараппен мәміле жасауға рұқсат болса, сіз компанияның нұсқаулықтарын қатаң ұстануыңыз керек.

Әскери, қорғаныс немесе дәрі-дәрмектермен байланысты заттарды экспорттау немесе импорттау кезінде сіз КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінен тиісті кеңес пен көмек алуыңыз қажет.

Иелігіңізде бақыланатын технологиялар болатын болса, оларды компания процедураларына сәйкес жіктеуге, белгілеуге және пайдалануға міндеттісіз.

Сауда жасау әрекетіне шектеу салынған затты немесе қызметті сатып алу немесе сату туралы сұраныстарға тап болсаңыз, мәмілені тоқтатып, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінен тиісті кеңес сұрауыңыз тиіс.



ҚОРЫТЫНДЫ

Тәртіп кодексімен танысып шыққаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұл құжат өзіңізге және КПО-ға төнуі мүмкін негізгі қауіптерді, сондай-ақ өз міндеттеріңізді білу және түсіну арқылы КПО абыройын қорғау жолдарын ұғынуға көмектеседі.

Аталмыш Кодекс орын алуы ықтимал жағдайлардың барлығын қамти алмайтыны анық, сондықтан жасауыңыз тиіс қадам немесе қабылдауыңыз қажет шешім туралы күмәніңіз болса – тиісті кеңеске жүгінгеніңіз дұрыс. Ол үшін тікелей жетекшіңізге, КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне, еңбек ресурстары басқармасына, КПО заң директорына жолығыңыз немесе жедел желі қызметін пайдаланыңыз. Әсіресе, біреудің осы Кодекс талаптарын бұзып және КПО компаниясына қауіп төндіріп жатқанына күдігіңіз туындаса бұл жайтты жасырмай, дереу хабарлаңыз. Себебі бұл – сіздің міндетіңіз. Қызметіңіз өзгерсе, жаңа күрделі шешім қабылдауда күмәніңіз болса немесе ұмытылып қалған тұстарды есіңізге түсіру үшін осы Кодекс көмегіне жүгінетініңізге үміттенеміз. Ең алдымен, біз осы Кодексті жұмысыңыздың әр күнінде қолданғаныңызды және дұрыс шешімдер қабылдағаныңызды қалаймыз.



АНЫҚТАМАЛАР

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Қайырымдылық ұйымына бөлінетін материалдық қаражат; немесе қайырымдылық ұйымына тегін көрсетілген демеушілік қолдау; немесе қандай да бір қауымдастықтың дамуына жұмсалған шығындар.

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

Нарықтағы жағдайға әсер етуі мүмкін мәліметтер, соның ішінде (бірақ сонымен ғана шектелмейтін) сатулар, бағалар, келісімшарттар бойынша келіссөздер, өндірістік мүмкіндіктерді пайдалану және өндіріс қызметі туралы ақпарат.

КАДРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

КПО компаниясымен арадағы ешқандай тікелей келісімшарттық қарым-қатынастары жоқ, бірақ сыртқы компаниямен (кадрлар бойынша агенттіктер) жұмысқа қабылданған және содан жалақы алатын, сондай-ақ КПО компаниясы тарапынан күнделікті қадағаланатын қызметтер көрсететін жұмыскерлер.

МЕРДІГЕР(ЛЕР) ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ КЕҢЕСШІ(ЛЕР)

КПО компаниясына тауарлар жеткізу және/немесе қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасқан тұлғаға немесе ұйымға қатысты қолданылатын жалпы ұғым.

БАҚЫЛАНАТЫН ТЕХНОЛОГИЯ

Экспорттық бақылаудың тиісті жіктеу нөмірімен немесе бақыланатын заттардың басқа да мемлекеттік ресми тізімімен белгіленген заттар. Тиісті тараптарға немесе жерлерге экспорттауға немесе импорттауға дейін мемлекеттік рұқсатты немесе куәландыруды қажет етуі мүмкін бақыланатын тауарлар, технологиялар, бағдарламалық жасақтамалар немесе қызметтер.

РЕСМИЛІКТІ АЙНАЛЫП ӨТУ НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН СЫЙАҚЫ

Күнделікті қызметінде орындауға тиіс міндеттерін тездету немесе нақты орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметкерге (әдетте лауазымы төмен) ұсынылатын шағын төлем. Бұл төлем ресми тәртіпте төленетін сомадан жоғары болып келеді.

СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Бұлар келесілерді қамтиды, бірақ олармен ғана шектелмейді: сыйлықтар, саяхаттар, сапарлар, тұратын орын ұйымдастыру, қызметтер, ойын-сауық шаралары, сыртқы сайыстардан немесе лотереялардан марапаттар немесе жүлделер және КПО-дағы қызметіне байланысты кез келген адамнан алынатын немесе оған ұсынылатын басқа да кез келген тегін заттар, шаралар, жеңілдіктер немесе құнды заттар.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР

Кез келген үкіметтің (жергілікті немесе республикалық); немесе мемлекетпен толықтай не жартылай бақыланатын кез келген компанияның жұмыскері; немесе саяси партияның лауазымды тұлғасы; немесе халықаралық ұйымның қызметкері; немесе осындай кез келген қызметкердің жақын туысы.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

Патенттік құқықтарды; пайдалы модельдерді; сауда белгілері және қызмет көрсету белгілерін; домендік атауларды; авторлық құқықты (соның ішінде бағдарламалық жасақтаманың авторлық құқығы); жобалау құқықтарын; мәліметтерді деректер қорынан шығару құқықтарын; ноу-хау немесе басқа құпия ақпарат (кейде «коммерциялық құпия» немесе «өндіріс құпиясы» деп аталады) саласындағы құқықтарды; және зияткерлік меншікке байланысты келісімдер бойынша құқықтарды қамтиды.

РЕСМИ ҚҰЖАТТАМА

Іскерлік қызметтің нәтижесінде жасалған немесе алынған, немесе заң, салық, реттеуші немесе есептесу мақсаттары үшін қажет, немесе КПО-ның қызметі немесе корпоративтік мұрағат үшін маңызды ақпараттың бір бөлігі. Жазбалар қағаз, материалдық зат, сурет түрінде келуі немесе электронды түрде оқылатын немесе естілетін форматта сақталуы мүмкін.



КПО БИЗНЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

Мүдделі тараптарымыз, соның ішінде мердігерлер мен жеткізушілер, осы бизнес қағидаларын құрметтейді және орындайды деп күтеміз.

1 ҚАҒИДА: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

- ▶ Біз жұмыс көрсеткіштерді үздіксіз арттыруға қол жеткізу үшін еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техниканы, қауіпсіздік қызметті және қоршаған ортаны қорғауды басқарудың жүйелі тәсілін қолданамыз.
- ▶ Осы мақсатпен біз осы мәселелерді қызметтің маңызды түрлері ретінде басқара отырып, стандарттарды белгілеп, жақсартуға бағытталған мақсаттарды қойып, шараларды қолданамыз, сонымен қатар бағалау жүргізіп, жұмыс нәтижелері туралы сыртқа есеп береміз.
- ▶ Біз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін төмендету жолдарын үнемі іздеудеміз.

2 ҚАҒИДА: БИЗНЕСТІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ

- ▶ Біз қызметіміздің барлық аспектілерінде адалдық, мүлтіксіздік және әділдік қағидаларын ұстанамыз, сонымен қатар бізбен бизнесті жүргізіп жатқан барлық тараптардан біздің қарым-қатынасымызда да осы жолды ұстануды күтеміз.
- ▶ Біз кез келген түрде тікелей немесе жанама әдіспен пара ұсыну, беру, бопсалау немесе алу амалдарын мүлде құптамаймыз және ондай қылықтарға үзілді-кесілді қарсымыз.
- ▶ Біз КПО қызметкерлерімізден өздерінің жеке шаруалары мен КПО компаниясындағы кәсіби қызметтері арасындағы мүдделер қақтығысынан аулақ болуды талап етеміз. Қызметкерлер кез келген мүдделер қақтығысының ықтимал немесе іс жүзіндегі жағдайлары туралы КПО компаниясына мәлімдеу тиіс.

3 ҚАҒИДА: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮСТАР

- ▶ Ұзақ мерзімді пайдалылықты қамтамасыз ету іскерлік мақсаттарымызға жетудің және акционерлеріміз бен Қазақстан Республикасы үшін тиімді жағдайлар туғызудың елеулі факторы болып табылады.
- ▶ Біз қолданылып жатқан бәсекелестік туралы заңнама шеңберінде әділ және әдепті бәсекелесуге ұмтыламыз.

4 ҚАҒИДА: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

- ▶ Бір-біріміздің арамыздағы қатынастарымызды құрмет, адалдық және сыпайылық негізінде құрамыз.
- ▶ Біз жұмыскерлеріміздің және қызмет жүргізу ортасындағы хылықтың әртүрлі мәдениетін құрметтейміз және қолдаймыз.
- ▶ Біз адамдардың және олардың сенімдерінің, дағдыларының, сонымен қатар тәжірибелерінің әртүрлілігін бағалаймыз.

5 ҚАҒИДА: ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

- ▶ Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын аумақтағы аудан тұрғындарының жалпы әл-ауқатын жақсартуға тікелей немесе жанама үлесімізді арттыра отырып, тату көршілік қарым-қатынасты құрамыз.
- ▶ Біз билік өкілдерімен, акционерлерімізбен, бизнес әріптестерімізбен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қарым-қатынас құрамыз.
- ▶ Біз адал, алға қадам басатын және бизнес құпиялығы шеңберінде ашық болуға ниеттіміз.

6 ҚАҒИДА: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

- ▶ Біз барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалог пен өзара іс-қимылды қолдаудың аса маңыздылығын түсінеміз.
- ▶ Біз жұмысымыз туралы хабардар болуға және тиісті ақпарат алуға толық құқылы мүдделі тараптарға сол ақпаратты ұсынуды міндетіміз деп санаймыз, алайда бұл ретте заңды басым құқыққа ие іскерлік құпиялық ережелерін ескереміз.
- ▶ Қызметкерлерімізбен, серіктестерімізбен және жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасымызда көтерілетін мәселелерге көңіл бөлуге және оларға дұрыс және бар жауапкершілікпен ден қоюға тырысамыз.

7 ҚАҒИДА: СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің қолданыстағы барлық тиісті заңдар мен ережелерді сақтауға міндеттенеміз.

© 2021 «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»

Осы басылымның кез келген бөлігін қайта басып шығаруға «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының рұқсатына сұраныс жіберу қажет.

Әдетте рұқсат дереккөзге сілтеме жасалған жағдайда беріледі.

Аударма нұсқасы мен ағылшын нұсқасы арасында қайшылық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы басым болады.